**6D110100–«Медицина» мамандығы бойынша**
**PhD - докторант Серикбаев Аскар Сеиткабылұлының**
**«Табанның орнынан тайқуы немесе шығуымен жүретін тобықтың күрделі сынығы кезіндегі трансартикулярлы бекітудің оптимизациясы»-атты диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің**

**ПІКІРІ**

PhD -докторант А.С.Серикбаевтың диссертациялық жұмысы қазіргі уақытта көбінесе еңбек жасындағы адамдардың және көлік жарақатына байланысты ересек адамдардың жарақаттануының жоғары деңгейі сақталуда. Жағдайдың едәуір бөлігінде аяқтардың зақымдануы байқалады. Жарақаттану құрылымындағы олардың жиілігі 35-60% .

Үлкен күштің әсері, әсіресе көлік жарақаттары кезінде, зақымданудың ауырлығын және оның кешенді сипатын тудырады. Бұл факторлар болжауды әсіресе науқастардың функциональды түрде өмір сүру сапасын нашарлатады және асқынуларды емдеу мен алдын алу тәсілдерін жетілдіру қажеттілігін анықтайды.

Консервативті емнің жағымсыз нәтижесінің кездесуі кейбір әдебиеттердегі мәліметтер бойынша 63%-ға дейін, оперативті ем 39%-ға дейін жетеді. Еңбекке жарамсыздықтың орташа көрсеткіші жоғары (3,5-6 ай және одан жоғары). Емнің нәтижесі науқастардағы жиі кездесетін тұрақты мүгедектігімен байланысты 2,0-2,8% -ды құрайды.

Зерттеу тақырыбының өзекті екендігін дәлелдеу үшін докторант көптеген жұмыстар атқарды және де өзінің ғылыми зерттеудегі науқастарына арнайы жасалынған құрылғыны өздігінен жетік меңгеріп бүгінгі күндеде науқастарға қолдануда.

Докторанттың осы диссертациялық жұмысының тақырыбы бүгінгі күнде өте өзекті болып табылады.

Сондықтанда, күрделі орнынан тайған тобық сынықтарының табан тайқуымен болатын жарақаттарды емдеуде ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді қажет етеді. Ол емнің нәтижесін жақсартуға бағытталған.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы болып, тобық сынығымен науқастарға табанның трансартикулярлы фиксациясы кезінде бізді тура өткізу үшін құрастырылған құрылғыны қолданудағы экономикалық талдау және өмір сүру сапасин зерттеуде салыстырмалы клиникалық талдаулар жүргізілді.

Алғашқы рет ұзақ мерзімде функциональды көрсеткіштердің жоғарылауы және әр түрлі жиі асқынулардың төмендеуінің ерекшеленуімен қатар клиникалық нәтижелердің жақсаруы анықталды.

Алғашқы рет науқастардың өмір сүру сапасына салыстырмалы талдау жүргізілді, ол құрылғыны қолдану кезінде жоғары көрсеткіш көрсетті.

Алғашқы рет экономикалық көрсеткіштерді анықтау жүргізілді, ол тобық сынығымен науқастарға табанның трансартикулярлы фиксациясы кезінде және құрастырылған құрылғыны қолданған кездегі емнің жалпы бағасының төмен екендігін анықталды.

Диссертациялық жұмыс бойынша алынған мәліметтер 17 ғылыми басылымдарда жарық көрді. Соның ішінде 5-і ҚР БҒМ-нің ғылым және білім беру саласы бойынша бақылау Комитеті ұсынған ғылыми басылымдары жарыққа шықты; 1 мақала индексирленген «Scopus» базасына енген журналдарда басылып шықты. 9 жұмыс халықаралық конференция материалдарында тезистер жиынтығында басылымға шықты, сонымен қатар 2 патент алынды.

PhD- докторант Серикбаев Аскар Сеиткабыловичтің ғылыми жеткешісі ретінде «**Табанның орнынан тайқуы немесе шығуымен жүретін тобықтың күрделі сынығы кезіндегі трансартикулярлы бекітудің оптимизациясы**» -атты диссертациялық жұмысын аяқталған жұмыс деп қабылдап, оған оң нәтиже беруді ұсынамын.

Ғылыми жетекші:
Дюсупов А.З. атындағы шұғыл медицина
кафедрасының меңгерушісі м.ғ.д., профессор: Дюсупов А.А

Кадрлар бөлімі

ДҰРЫС
Кадрлар бөлімінің бастығы
"____"________ 20____ж.
Қолы __________